

ҚАЗІРГІ ҰРПАҚ УАҚЫТЫ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Т.Е. Тұмашбай

АҢДАТПА

Зерттеудің тақырыбы жаһанданудың қазіргі үрдісіне қазақстандық қоғамның интеграциялану мәселелеріне арналған. Жаһанданудың ықпалымен қазақстандық қоғамда жаңа ұрпақтың қалыптасуы орын алуда. Дүниедегі технологиялық және ақпараттық инновациялар компетентті, сан қырлы, ашық адамдардың түзілуіне жаңа талаптарды қояды. Ұрпақтардың сабақтастығы адамның рухани және әлеуметтік қалыптасуындағы тарихи субъективтіліктің әсерімен жүруде. Бұл мақаланың мақсаты тәуелсіздік жылдарында түзілген ұрпақтардың мінез-құлығындағы өзгерістерді ашу болып табылады. Сондықтан бұл мақаланың теоретикалық мағынасын біздің жаһандану дәуірінде әлемнің барлық адамдарымен тығыз интеграцияда және күннен күнге артқан өзара байланыстылықта өмір сүруіміз құрайды. Біздің қоғам өзінің дамуының барлық салаларында жаһанданудың өзгерістеріне бейімделу керек. Тиісінше, мақалада қазіргі қазақ қоғамының цифрлық технологиялар негізіндегі дамуының құндылықтық негізі, оның адамның бос уақытын өткізудегі қайшылығы қарастырылды. Бір жағынан алғанда сандық, ақпараттық қоғам адамның мүмкіндіктерін, оның көкжиегін арттырғанымен, екінші жағынан жастардың виртуалды дүниеге бүтіндей кірігуі орын алуда. Мұндай ақпараттық технология қоғамдық факт ретінде бар, бірақ біздің әлеуметтік ортамызда, ол теріс-мінез құлық формасында көрініс беруде. Дамыған технологиясы бар қоғамдар цифрлық мүмкіндікті жасанды интеллектіге айналдырып, одан материалдық табыспен бірге, қоғамдық өмірдің барометрі, әлем бір үй фокусі өлшемінде қолдануда. Біздің қоғамдық ортада, бұл әлеуметтік үрдіс өзгеше түрленіп көрінуде. Олар: кибербуллинг, уақытты босқа өткізу, балалардың арасындағы смартфонға, интернетке тәуелділік. Мақалада зерттеудің теориялық, методологиялық және салыстырмалы әдістері қолданылды. Зерттеудің теориялық негізін Ф. Ницшенің, И. Валлерстайнның, Г. Маркузенің, Д.К. Богатыревтің, Г. Мямишеваның, Л.В. Турарбекованың ғылыми концепциялары құрайды.

Түйін сөздер: ұрпақтар уақыты, ұрпақтардың жасампаздығы, тәуелсіз елдің азат ойлы адамдары, құндылықтар.

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Т.Е. Тұмашбай,
tumashbai@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Т.Е. Тұмашбай.
Қазіргі ұрпақ уақыты және
құндылықтар //
Адам әлемі. – 2022.
– №1 (91). – Б. 63-79.

Время современного поколения и ценности

Аннотация. Тема исследования посвящена проблемам интеграции казахстанского общества в современный процесс глобализации. Под влиянием глобализации происходит формирование нового поколения в казахстанском обществе. Технологические и информационные инновации в мире предъявляют новые требования к формированию компетентных, разносторонних, открытых людей. Преемственность поколений происходит под воздействием исторической субъективности в духовном и социальном становлении человека. Целью данной статьи является выявление изменений в поведении поколений, сформировавшихся за годы независимости. Теоретическая значимость данной статьи заключается в том, что в эпоху глобализации мы живем в тесной интеграции и возрастающей взаимозависимости со всеми людьми мира. Поэтому наше общество должно быть адаптировано изменениям глобализации во всех сферах своего развития. В статье рассматривается ценностная основа развития современного казахского общества на основе цифровых технологий, противоречия в свободное время человека. С одной стороны, цифровое, информационное общество повышает возможности и потенциал человека, а с другой – происходит целостная интеграция молодежи в виртуальный мир. Такие информационные технологии существуют как социальная реальность, но проявляются в нашей социальной среде в негативной поведенческой форме. Высокотехнологичные общества используют цифровые возможности в качестве барометра общественной жизни в качестве единственного дома в мире, наряду с искусственным интеллектом и материальным доходом. В нашем социальном кругу эта социальная тенденция проявляется по-разному. Это: киберзапугивание, пустая трата времени, зависимость от смартфонов, интернет среди детей. В статье используются теоретические, методологические и сравнительные методы исследования. Теоретической основой исследования являются научные концепции Ф. Ницше, И. Валлерстайна, Г. Маркузе, Д.К. Богатырева, Г. Мямишевой и Л.В. Турарбековой.

Ключевые слова: время поколений, созидательность поколений, свободомыслящие люди независимой страны, ценности.

Modern Generation Time and Values

Abstract. The theme of the research is devoted to the problems of integration of Kazakhstani society into the modern process of globalization. New generation is being formed in Kazakhstani society under the influence of globalization. Technological and informational innovations in the world make new demands on the formation of competent, versatile, open people. The succession of generations occurs under the influence of historical subjectivity in the spiritual and social development of a person. The aim of this article is to identify changes in the behavior of generations that have been formed during the years of independence. The theoretical significance of this article lies in the fact that in the era of globalization we live in close integration and increasing interdependence with all people of the world. Therefore, our society must be adapted to changes in globalization in all spheres of its development. The article examines the value basis of the development of modern Kazakh society based on digital technologies, the contradictions of human leisure time. On the one hand, the digital, information society increases a person's abilities and potential, while on the other hand, the holistic integration of young people into the virtual world takes place. Although such information technology exists as a social fact, it manifests itself in a negative behavioral form in our social environment. High-tech societies use digital opportunity, along with artificial intelligence and material income, as a barometer of social life, in the measure of a single house in the world. In our social environment, this social trend manifests itself in different ways. These are: cyberbullying, decadence, addiction to smartphones, the internet among children. The authors use theoretical, methodological and comparative research methods in the article. The theoretical basis of the research is the scientific concepts of F. Nietzsche, I. Wallerstein, G. Markuse, D.K. Bogatyrev, G. Myamisheva and L.V. Turarbekova.

Key words: Time of Generations, Creativity of Generations, Free-Thinking People of An Independent Country, Values.

Kіріспе

Қазақстан Республикасы өзінің отыз жылдық мерейтойына аяқ басуда. Кез келген халық үшін биік мұрат, ол тәуелсіз елде өмір сүру. Яки, оның өзін және өзіде қорғауға дайын елінің болуы. Еліміз әлемдік өркениетке тиімді интеграциялануы арқылы экономикалық - әлеуметтік қатынастарда дамыды және ол өркениеттің тәжірибелерін алды. Еліміздің тәуелсіздік жылдарының үлкен қуанышы, ол елдікті жалғастыра білетін зиялы-ағартушылық қауымның, ғылыми-техникалық потенциалдың және басқарушылық элитаның қалыптасып, өзінің өміршеңдігін көрсете алғаны еді. Бұл саяси - рухани сабақтастық біздің тарихымыздағы елдік дәстүрдің бар болуы сабақтастығының нәтижелері ретінде қабылданады. Қазіргі ұрпақ тарихымыздағы ақтаңдақтарды ұмытпауы қажет және оны жүзеге асыру үшін ақпараттық технологиялар жетістігін қолдануымыз қажет. Қазақстандық қоғам өз тарихында көптеген репрессивті оқиғалардың құрбаны болды. Осы өткен уақыттағы қиындықтар туралы Шәкәрім бабамыздың ойларын ұлы Ақат ата өзінің естелігінде былай келтіреді. «Адамның арты бүгінгілер ғана емес, кейінде келешек бар. Дәуір артқа тартпайды, алға тартады. Өмір жаңара бермек, өмір жаңарса, адам тазара бермек. Ешнәрсе жоғалмақ емес, өзгеріп қайта келмек. Тарих мәңгілік, ол өткеннің тазасын, жарамдысын алмақ», - деген ойын келтіреді [1, 195 б.]. Бұл ойдан байқайтынымыз, ол адамның тіршілігінде мәңгілік құндылығы бар тарихтың негізіндегі объективті, тұрақты уақыттың болатыны және сонымен бірге қоғамдағы саяси-әлеуметтік үрдістермен байланысты және адамның құбылуымен туындайтын уақытша уақыттың орын алатыны. Өйткені, адам өз болмысын, дүниені толық танып болдым деген менменсінуде әлде өзінің әлеумет алдындағы әлсіздігінде заман-

ды өз танымы мен пайымына қарай басқарғысы келеді. Сондықтанда адам мінезі өзгермелі, құбылмалы. Шәкәрім бабамыз бұл уақытшалықты толқынды уақыт деп анықтайды. «Бұл толқында тұрған уақыт. Ол толқын алып кетеді. Бұл уақытша ғана. Ең қажетті ісі осы толқынның өтуі, соны қалай өткізу. Содан бұзылмай, бұрылмай адалдық қалыпта өту. Бұл уақытша болған ағым, артқа басудың жаңылыс, қателік шегінісі. Қайта шегіністе де кері күш, кері ағын болады» [1, 211 б.]. Тиісінше, Шәкәрім қажы уақыттағы уақытшалықта адам өзінің қайраттылығын, мінезділігін жоғалтпауы тиіс, өйткені ол уақыт әлсіздерді билейді, қажытады, мүжиді деп есептейді. Шәкәрім бабамыз ой толғауындағы уақыттан бұзылмай адалдығын сақтау арқылы өту қазіргі ұрпаққа жүктелетін парыздың бірі. Дегенмен еліміз бұл жылдары мәдениетте, экономикалық жүйеде, ғылымда, техникада үлкен жетістіктерге жетті. Қазіргі уақытқа дейін сол жылдары құрылған жүйелі, жоспарлы шаруашылықтың, экономикамен мәдениеттің негізінде түзілген еңбектің инерциялық нәтижелерін қолданудамыз. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі және оның халықаралық қатынастар жүйесінде орнығып, танылуы алғашқы президентіміз, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еңбегімен, саяси, мемлекет қайраткері ретіндегі іс-әрекеттілігімен тығыз байланысты. Н.Ә. Назарбаевтың қажырлы еңбегімен құрылған тәуелсіз Қазақстан Республикасы сан түрлі халықтарды бейбіт өмірге біріктірген ортаға айналды. Нұр-сұлтан қаласы соғылды, Түркістан рухани орталыққа айналууда. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев осы келелі істерді жалғастырып, сабақтастықты сақтап отыр. Тарихта уақыт ағысын сезетін, аңдайтын харизмалық тұлғалар болады. Сондай тұлғалардың бірі біздің алғашқы президентіміз Н.Ә. Назарбаев және түрік деген халықты тарих сахнасына қайта алып шыққан М.К. Ататүрік. Бұл екі тұлға ұрпақтар санасында, оның

ес-жадында өшпес із қалдырды. Н.Ә. Назарбаевтың көзқарасынша «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады» [2].

Зерттеу әдістері

Мақаланың мақсатын қазіргі ұрпақтың дүниетанымындағы өзгерістерді, құндылықтарды бағалау арқылы зерттеу құрайды. Мақаланың өзегіне теориялық-әдіснамалық зерттеу қағидасы алынды. Мақаланың зерттеулік әдіс-темесін қоғамдық шынайылықты дедукциялық негізде талдау, ұғымдарды және тұжырымдарды салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Өйткені философияның негізгі категорияларының бірі шынайылық пен әрекеттілік, ондағы адамның, әлеуметтік топтың орыны логикалық заңдылықтарды қолдану арқылы ұғым ретінде ашылады. Мәтіндердегі ойларды, деректерді контент талдау әдісі негізінде ұрпақтың уақытын сипаттау және мінез-құлық үлгілерін бөліп көрсету көзделді. Тиісінше мақаланың теоретикалық және қолданбалы негізіне бұл уақытқа дейін зерттелген мәліметтер алынды. Олардың қатарын классикалық философиялық ой өкілдері Ф. Ницшенің, И. Валлерстайнның, Г. Маркузенің, ресейлік философ Д.К. Багатыревтің, отандық зерттеушілер Г. Мямешеваның, Л.В. Турарбекованың, мәдениеттанушы Д. Сапарованың ойлары құрады.

Қазіргі заман және ұрпақтың әлеуметтік ортасы

Цифрлы ұрпақ ұмытшақ, алаңғасар ұрпақ болсын, ол біздер үміт күтіп отырған, кеңестік әлде дағдарыстық кезеңдердегі идеялармен сусындамаған ұрпақ. Бұл ұрпақ ақпаратқа мелшілдеп тойған, сонысыменде жаңалыққа әрі

әуес, әрі селсоқ ұрпақ. Екінші жағынан, олар «әлем бір үй» түсінігіндегі космополиттік буын. Шет тілдерін жақсы меңгерген, сонысымен де қолын бір сілтеп, «бұл біз көрген Балқантау» деп желіп кеткісі бар. Меркантилдік құндылықтарға бейімдеу болып, қалыптасқан топ мағынасында көрініс беруде, бұл өз кезегінде кәсіпкерліктің жаңа сапалармен дамуына негіз болады. Тиісінше, жасөспірімдерге технологиялық білім беруде, ол білімнің нарықтағы қолданбалығына баса көңіл бөлу қажеттігі туындап отыр. Өйткені, біздің білім беру дискрипторларымызда қолдану компетенциясы өзекті болмай отыр. Біздің санамызды алдымыздағы кедергіні айналып өту деген жағымсыз, қауіпті ой жаулап алған. Салдарынан цифрлы заманда цифрлі әлде оған дейінгі акселерат ұрпақ мәдени шокқа ұшырауда. Бірі батыс мәдениетіндегі экономикалық, тұрмыстық сапаны пайымдау арқылы бұл күйге түссе, екіншісі өз өзін тануына қайта оралуында шокқа ұшырауда немесе жергілікті үстем мәдениетке бейімделіп, бейнесін перденің ар жағына жасыруда. Қазіргі қоғамда цифрлық технологиялар біздің дүниетанымымызды, әлеуметтік мінез-құлығымызды және білімізді өзгертуде. Тиісінше, сандық технологиялар арқылы кәсіпкерлікті жүргізу формалары да ауысу үстінде. Сандық ұрпақ қоғамға креативті кеңістік, стартап жобалар, IT хаб, IT индустрия, венчурлық қор, акселерация, инкубаторлар ұғымдарын енгізіп, табыс табуда. Бұл ұрпақтарды жаңа Y, Z, A буындары, фиджитал, милленумдар, хоумлендерлер деп атайды. Сандық технология адамның мүмкіндіктерін биікке көтереді және дүниені көз алдымызға тартады. Дегенмен адам шекті болмысқа ие, осы әлемде бар болушы тірі жан және ол жаңа адам ретінде қалыптаса алмайды. Мұндай жаңа адамды қалыптастырамыз деген саясатта, ондағы идеологиялық үстемдікте қазақстан қоғамыда, әлемдік өркениетте өз басынан өткерді, бірақ

міне мынау сіз үшін өзге болмысқа ие адам деген жаңалықты ұсына алмады. Ия, адамның технологиялық, ғылыми жетістіктерге сәйкес бір әлде екі ұрпақ ауысынан кейін болмысында өзгерістердің орын алатыны шындық, бірақ адам өзінің ұлттық, мәдени қайнарларына қайта соғып отырады. Сондықтанда адам философия ғылымында тәннің, жанның, рухтың бірлігінен түзілген тірі жан ретінде зерттеледі. Тек жаңа ұрпақтардан жаңа үміттерді, жаңа еңсерулерді күтетіміз бар. Біздің қабілетіміз жетпеген салада өзгерістерді қалайтынымыз рас және бұл қасиет адамның жан дүниесіне жақын көңіл күйлердің бірі болып табылады. Сондықтан қазақстан қоғамында Ғарифолла Есім дискурсқа енгізген «бриллиант ұрпақтан» тек технология саласында ғана емес, өмірлік іс-әрекеттіліктің барлық саласында жаңалықтар күтіп отыр. Бұндай өзгеріске қажеттіліктің бірі, ол әлем өзгеруде, бізде өзгеруіміз керек деген саясатта емес, ол 1960-1980 жылдары аралығында тәуелсіздігін алған Африка құрлығының елдері секілді қатып қалған ескі дәстүрлердің, қараңғы сауатсыздықтың шырмауында қалып кетпеуін тілеу, сол мақсатта өз толғанысын, күйзелісін білдіру. Зерттеуші И. Валлерстайнның көзқарасынша «Тұлға қазіргі заманның негізгі тарихи субъектісі болып табылады» [3, 60 б.]. И. Валлерстайн қазіргіліктегі нарық пен демократия құндылықтарының арақатынасын зерттеп, оның екі түрлі дискурсты білдіретінін атайды. Оның пікірінше: «Қазіргі заман екі коннотацияны алып жүрді. Біріншісі, қазіргі заман күшті жетілген технологияны білдіруі арқылы қас қағымдық сипатта орын алады. Екіншісі, болашаққа ұмтылған қазіргі заман дегенге қарағанда сынды көтере алмайтын, қатігез материалдықтан бөлек идеологиялық сипаттағы заман дегенді танытады. Қазіргі заманның адамы орта ғасырлыққа мүлдем қарама қарсы адам» [3, 125 б.]. Сонымен бірге И. Валлерстайн

XX ғасырдағы қозғалыстың интеллектуалдық жаңалықтарға қарағанда әлеуметтік қақтығыстардың жолы болғанын және нарық пен демократияның қоғамдардың дамуын анықтауда бастапқылықта оптимистік көзқарасты дамытқанымен, уақыт өте келе пессимизмнің туындауына, адамдардың іштей абыржуына, кейде агрессивті мінез-құлықтың туындауына негіз болатынын зерттейді. Яки, қазіргіліктегі технологияда, оның қозғалысына іштей қарамақарсылықтың тән екенін көрсетеді. Бұл ұғымды Г. Гегель өзінде терістілігі тұйықталған мән ретінде қарастырады. И. Валлерстайн жаңа ғылымды уақыт жебесі деп айқындап, оның сызықтықтың құрылғыларында қалыптасқанымен, сызықтық болмайтынын шығарады. Мұндағы, қазіргі заманның жаңа технологиялар ретінде қас қағым сәтте орын алатын үрдіс екенін, оның ғылыми техникалық ойлау шарттарының негізінде бірден орын алатынын көзіміз көріп, соның ішінде өмір сүріп жатырмыз. Бұл технологиялар адамның өмір сүруін жеңілдетіп қана қойған жоқ, ол дамыған елдерде заттық болмысқа деген керілікті туындатып отыр. Бұл керілік негативті ұғымдағы кер заман емес, ол жаңа технология арқылы жинақталған байлықтың гуманитарлық мақсатқа жұмсалыуына әкелген, жауапкершілікті дәуірдің туындауына түрткі болған, жаңа заман ойлауы. Мұндай қазіргілік қазақстандық қоғамның әлеуметтік құрылымдарына дендеп еніп алды, бірақ ол ғылым мен білім құралы ретінде жаңа замандық дамуға түрткі болмай отыр. Технологияның қазіргі заманны қас қағым сәтте орнатуы туралы қазақстандық философ Г. Мямишеваның «Цифрлық технология бір ұрпақтың өмірінде адамның миын радикалды өзгертіп, ұрпақтардың құндылықтық қақтығысы «ми ажырауына» айналып, әкелер мен балалардың ойлауының арасындағы құздың туындауына әкелді. Бұл масштабты ажырау, өз кезегінде екі түрлі мәдениеттің, яғни

«цифрлық аборигендердің» - «тумысынан цифрлықтың» және «цифрлық иммигранттардың» пайда болуы туралы айтуға мүмкіндік береді», - деген ғылыми тұжырымы бар [4, 20 б.]. Бұл цифрлық ұрпақшынында да байқап жүргеніміздей, дүниеге келіп, ақыл есін жиғаннан смартфондарға әуес, онсыз шынайылықты бағалай алмайтындай көрінеді. Цифрлы ұрпақтың өзге ұрпақтардан айырмашылығы, олар ақпараттық ресурстарда бар білімдерді жылдам меңгеру арқылы өзінің мобильділігін, мультимәдениеттілігін, бәсекеге қабілеттілігін білдіріп отыр. «Y» ұрпақтың басты кемшілігі, ол тек Фейсбук, Телеграмм, Инстаграм жағдайында виртуалды өмір сүруі және ақпараттың белгілі бір ойдың тереңдігін қамтымауы салдарынан тек фрагментарлы ойлауы, шешім қабылдауы болып табылады. Ал, «Z» ұрпақ қазірдің өзінде «Тик ток», «Майн-графт» бағдарламаларының шегінде дүниені шарлап кетеді. Қазіргі жас-өспірімдер компьютерлік, виртуалды әлемдегі ойындар, танысу платформалары арқылы дүниенің кез келген бөлігіндегі құрдасымен байланысқа шыға алады, тартысады, бәсекелеседі, дауласады, достасады. Дегенмен адам өзіне тән этникалық, нәсілдік, діндік идентификациясын виртуалды әлемге де тасып әкелуде. Балалар кейде діни сеніміне, нәсілдік ерекшелігіне қарай достарды табуы, виртуалды ойындарда қарсылас ретінде топтасуы бар. Д. Сапарова өзінің докторлық диссертациясында мұндай мінез-құлықтық ерекшеліктің құндылықтық негізінің екі аспектісін бөліп көрсетеді. Атап айтқанда, Д. Сапарова бойынша: «Мен және біз мінез-құлық моделі бар. «Мен» өзіндік дамуға, тәуелсіздікке, таңдау еркіндігіне, сөз еркіндігіне, құқығын қорғауға бағытталған. Ал, екінші жағынан олардың мінез-құлығында «Біз» ұғымы тереңінен орныққан, яғни өзінің руға, жүзге, дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға, отбасыға беріктігімен сипатталады. Сондықтан да

олар әлеуметтік желілерде өзге адамның ролін ойнап, түрлі коммуникация тәжірбиелерін өзіне тексеріп көреді», - ғылыми көзқарас бар [5, 85 б.]. Цифрлы ұрпақты идеологиялық иллюзиялармен алдауда өте қиын, өйткені олар деректер арқылы факт-чекинг талабымен жұмыс жүргізеді. Дегенмен сонда да аға ұрпақтың ойлауының, санасезімінің, субъективті көзқарасының негізінде өз іс-әрекеттерін коррекция жасауға мәжбүр. Себебі, аға ұрпақтың саяси жүйеге қатысты ұстанымы қоғамдағы тұрақтылыққа, қақтығыстардың алдын алуға құрылған. Бұл жағдайды аға ұрпақ Құдайдың берген сыйы деп қабылдайды. Қазақ қоғамында бір парадоксалды жағдай бар, жастар қаншалықты цифрлық технологияларды игергенімен өзінің дүниетанымында діни пайымдауларға жақын, өзгеше ойлаудан қорқу сезімі бар. Сонымен бірге сандық технологияларды қолдануда тек әлеуметтік желілерге басымдық береді. Бұл жерде ол жас өспірімдердің болсын, үлкен ересек азаматтардың болсын ақпараттық технологияның ғылыми техникалық аспектісі тек іргелі зерттеу институттарының еншісі секілді қабылдануы. Тиісінше, әлі де жаңа технологиялар тек сырттан экспорт жасалынууда. Екінші жағы сол әлеуметтік желілердің өзінде қоғамдық белсенділіктің жоқтығы, өзекті посттарға пікір білдіруден, лайк белгісін қоюдан қашқақтауы да кездеседі. Өйткені қазақ қоғамының интернеттік желілік сегментінде жеңіл ой, хайп жасау, сөздер тарату басым. Ғылыми, танымдық маңызы бар ақпараттар өте сирек кездеседі. Д. Сапарова республиканың ірі қалаларында 770 жастардың арасында социологиялық зерттеу жүргізген. Социологиялық зерттеудің нәтижесінде респонденттер «әлеуметтік желідегі уақытының 71 % достарының суреттерін, посттарын қарауға, 55 % жаңа тарихтарға лайк қоюға, 85 % достарымен араласуға, 12 % хабарларды қайта пост жасауға, 8 % тікелей трансляцияларды қарауға» деген жауаптар берген.

цияларды жасауға, 5 % табыс табуға, 3 % өзін кәсіпқой блогер ретінде қолдануға, 11 % посттарға коммент жазуға» қолданады екен [5, 83 б.]. Бұл социологиялық зерттеу деректеріне назар аударсақ, біздің қоғамдағы жас өспірімдердің басымы көпшілігі, өз уақытын бос өткізіп жатқанын байқаймыз. Сондықтан да жастардың бойында танымдық көзқараста тек клиптік сана, фрагментарлы ойлау басым, бірақ шешім қабылдауда өздерін белсенді тұтады. Г. Мямишева Джина М. Тавенджидің 2018 жылы 12 миллион америкалық жастардың арасында жүргізген зерттеулеріне сілтеме жасап, ұрпақтарды селфи – «Y», ютуб – «Z» топтарға жіктейді. Ұрпақтардың мінез-құлығының ерекшеліктерін бағалауда буындардың өз өмірін жариялықта ұстап, екінші жағынан үйдің ішінде ғана белсенділікті көрсетуінде саяси-әлеуметтік апатияның көрінісін байқаймыз. Бұл өз кезегінде адамдардың қоғамдық шынайылықты тек виртуалды бағалауынан да байқаймыз. Виртуалды өмір өз кезегінде жеңіл мінез түріндегі хайптың орын алуына, адамның қатігездігінің туындауына негіз болуда. Бұл жағдайды біз барлығын оқиға деңгейінде санада бақылап, оны видео, фото чекинг ретінде тіркеу мүмкіндігі, басым көпшілігінде әрекетсіздік формасында қалып отыр. Бұл жағдайды Г. Нұрадин мен С. Сапарғалиева «Басқаның басындағы қажетті ақпармен сусындау қабілеті – нетворк интеллектісі», -деп атайды [6, 33 б.]. Бұл салада «Deloitte» халықаралық әлеуметтік зерттеулерді жүргізу компаниясы бар және бұл құрылым жыл сайын мәселеге қатысты өзінің есептерін жариялап тұрады. Тиісінше, «Deloitte» 2019 жылы әлемнің 42 елінде, 1983-2002 жылдар аралығында туған, 13 мың 416 адамнан әлеуметтік сауалнама жүргізген. Сауалнаманың негізгі мақсаты жастардың мінез-құлығына, дүниетанымына әлемдегі экономикалық, мәдени үрдістердің ықпалын зерттеуге құрылған. Зерттеу компаниясының менеджері

В. Витальеваның есебінде мынадай мәліметтер бар: «Y және Z ұрпақтары арасында жұмыс берушілерге және қор нарықтарына, экономикалық прогреске, дәстүрлі институттарға, әлеуметтік мобильділікке деген сенімсіз күшейіп, оларда кәсіптік мансабында дағдарыстарға тап болу үрейі, үйсіз қаламын ау деген стресстер артқан. Зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің Z ұрпақ өкілдерінің 52% үй сатып алуға, ал, Y ұрпақ өкілдерінің 49%, отбасы құруға көзқарасы, тиісінше 45% бен 39% қатынасты құраған. Ал, екі ұрпақтың 57% дүние жүзіне саяхаттауды, 46% қоғамға пайда келтіруді ойлаған, 71% цифрлендіруді қабыл алуды құптаған, 73% саяси лидерлермен дін қайраткерлері дүниедегі мәселені шеше алмайды деп ойлаған. Ал, 70% төртінші өнеркәсіптік революцияда жетістікке жетуде өз қабілетін шектеулі деп санаған» [7]. Шынында қазіргі қоғамдарда экономикалық үрдістер жаһандану жағдайына ақпараттық технологиялар негізінде қатты интеграцияланған. Бұл саланы қазіргі уақытта фрилансерлер алаңы деп ата-сақта болады. Оларға смартфондармен «mt 5» бағдарламалары арқылы халықаралық қор нарықтарына қаржыларын салу арқылы табыс тапқысы, басшының үстемдігі әрекетінен еркін болғысы келетін өкілдері жатады. Бұл салада қаржылық сауаттылықтың болмауы салдарынан көпшілігі, қылмыстық топтардың құрбанына айналуға. Оның қатарына биткойнмен сауда жасауға талпынушыларды кіргізсек те болады. Бұл жердегі пессимизмнің негізгі қайнар көзі, ол Covid-19 пандемиясы салдарынан әлемдік қор нарықтарының бір күннің ішінде мың құбылуы секілді жағдайлар әсер етеді. Өйткені, әлемдік қор нарығы әлемдегі саяси-экономикалық ақпараттарға өте сезімтал. Ал, ұрпақтардың ішінен әлемнің қызықты, географиялық табиғи әсем, кейде қауіпті жерлерге экстремалды саяхат жасаушылардың көптеп шығуы, олардың өздерін блогер,

вайнер ретінде «Youtube» жүйесінде танымал болуы көптеп шығуда. Тиісінше, бұл сандық ұрпақ «Youtube» желісінен табыс табуды меңгеріп алған. Мысалы, «Youtube» орналастырылған видео роликтердің қаралымы 1000 адамнан асып, олар ондағы жарнаманы толық көріп шықса, әрбір көрілім үшін 0,35 цент төлейді. Әрі өзі үшін уақытты ажыратудың, әрі табыс табудың көзі. Бұл осы ұрпақтың тәуекелшілдігін білдіреді. Яки, автостоппен аз қаржыға Европадан бастап Ауғаныстанға, Монғолияға, Қазақстанға саяхат жасау, ол саяхаттан табыс табу, осы ұрпақтардың сыбағасы саналады. Кейде дәстүрлі телевизиядан қоғамдық алаң ретінде осындай терең ойы, өзіндік қайталанбас көзқарасы бар блогер, вайнерлерге орындар ажыратса, олар сол телевизияның рейтингісін, танымалдылығын, табысын еселеп арттырады. Мысалы, бір ютуб бағдарламасында «Ирина Кайратовна» бағдарламасының өнімдерін 25 миллион адам, Иманбектің «Poses» ремиксін 169 миллион тыңдаушы, Димашты 20 миллион көрерменнің тыңдауы, Нартай Аралбайұлының бағдарламаларын 100 мың адам, Қанат Тілеуханұлының бағдарламаларын 71 мың адам тамашалаған. Түрік блогері, дербес саяхатшысы, «Rotasiz Seyah» бағдарламасының авторының Пәкістанның жасырын қару жарақ жасау шеберханаларында түсірген видеосы, бір жыл ішінде 8 млн 500 мың көрермен жинаған. Бұл азаматтардың бірі Y, бірі Z ұрпақ өкілдері саналынады және олар ақпараттық коммуникациялық салада, өнер сферасында сапалы контент жасап отыр. Мысалы, Иманбек пен Димаш, Скриптонит, Н. Сабуров, А. Мусағалиев т.б жастардың өкілдері, бұлар феномендер. Бұл феномендер тек жарқырап, құбылып шыққан жоқ, олар өзінің әлеуметтік ортасының лидерлеріне айналған тұлғалар. Біздің қазақстандық қоғамдағы өнер саласы фонограмманың кіріптарына айналып отыр. Екінші жағынан бүтін әлем бұл фе-

номендерден қоғамдық, ұлттық жауапкершілікті күтеді. Жалпы қазақ философтары цифрлық ұрпақ дәуірін кеңінен зерттеп жүр. Сондай зерттеушілердің бірі Л.В. Турарбекова, Д.Р. Сапарова, Тержан Нуфер. Бұл зерттеушілер префигуративті мәдениетте, әсіресе Y және Z ұрпақтары арасында ақпараттар алмасу мен ақпараттық технология құралдары интернетті, смартфонды қолдануда, оны дүниедегі өзгерістермен байланыстыруда бірқатар парадоксалды шарттардың орын алып отырғанын баса көрсетеді және талдайды. Тиісінше, бұл бағалаудың сипаттары: «1) глокалдылық парадоксалдығы: индивидтің бірден жаһандық және аймақтық әлемде виртуалды өмір сүруі, яки қиялдағы «меннің» елестегі «бізбен» араласып кетуі. Салдарынан адам өзіне виртуалды әлемдегі түрлі образдарды мөлшерлеп, өзінің дүниетанымын шексіз арттырады. Олар көпбейнелі, толерантты, космополит, ұлттық жергілікті мәдениет өкілі, сезімсіз сүрең әлемде өмір сүреді, өзгенің қатысуын бағалай алмайды; 2) интернет дос немесе жау парадоксы: қазақстандықтардың 87 пайызы интернетті қолданады және уақытының көп бөлігін үйде өткізеді; 3) уақыттан тыс уақыт парадоксы: бұл адамның өмірлік циклын бұзады, уақытты дұрыс ұйымдастыру жоғалады және тез ақпараттар алмасады, номофобия бар» [8]. Л.В. Турарбекова мен Д. Сапарованың бұл зерттеуінде қазіргі адамдардың ол мейлі Y, Z ұрпақ болсын, өзге де аға буын болсын, барлығының смартфон мен интернеттің қолданушысы ретінде виртуалды әлемді шарлап өмір сүруі қарастырылады. Бұл жағдайда кіші буындардың өзінің өміріне қатысушы өзгелердің барлығын толыққанды бағалау құндылығынан айырылып, әлеуметтену үрдісінен тыс қалуы орын алуда. Оның салдарларларын біздің қоғамның жеңіл ойлауға бейімдігінен байқаймыз және смартфон ақпарат алмасу құралына қарағанда, кейде бір бірін қаралауға, жалған мінезін көрсетуге, екінші

бір тұлғаның қызметіне қысым жасауға дейін баратын негативті шарттарын да көріп отырмыз. Сондықтан мұндай ашық, ақпараттық қоғамда адамдардың құқығын қорғаудың шарттарын жетілдіріп, азаматтарымызды қоғамдық мәдениетін дамытуымыз қажет. Бұл зерттеулерден байқайтынымыз, ол швейцариялық ғалым Ж. Пиаже бойынша бала 11 жасынан саяси социализацияға ұшырайтын болса, қазіргілікте бұл тенденция жасарып келеді. Қазіргі 8 әлде 9 жастағы бала өзіңе кейде ауыр сұрақтар қояды, оған жауап беруге қиналасың. Өйткені ол ақпараттарды қолындағы досы смартфоннан алып отыр және ол сол мәліметті шын деп қабылдайды. Әл Ғазалидің баланың ашу күші 7 жастан оянады деген ойы, осы әлеуметтену үрдісінің алғашқы кезеңдерін білдіреді.

Қазіргілікте әлемге, оның ішінде философиялық ойлауға Z, Alfa ұрпағымен бірге постадам ұғымы шығып отыр. Бұл теория өзінің бастауын Ф. Ницшенің асқақ адам тұжырымынан алып, оның ізін М. Фуко, К. Барад, В. Керби, Д. Харуэй, Р. Брайдорот, Д.К. Богатырев т.б ғалымдар жалғастырып жүр. Бұл бағытты футурологиялық концепцияның, оның ішінде утопиялық мазмұнды деп атасақта болады. Жалпы Ф. Ницшенің философиясы бірінші көзқарасқа мүлдем қайшылықты және қазіргі адамның, яки ұрпақтың өзі ойлауында қабылдай алмайтын қайшылықты пікірлерге толы. Дегенмен Ф. Ницшенің адамды қайта жасау керек, ол асқақ адамға ауысатын көпір деген пікірін ресейлік философ Д.К. Богатырев «Ф. Ницшенің асқақ адамы мейірімділік пен зұлымдықтың ар жағына шығуы секілді, ол мейірімділік пен зұлымдықтан жоғары»,-деген ойда қарастырады [9]. Ф. Ницше бойынша «адам өткеннің барынша күшейе түскен, алып ауыртпалығына жан тәнімен қарсы тұруы тиіс. Өйткені, өткеннің салмағы көзге көрінбес, қараңғы жүк ретінде адамды төменге идіреді немесе оны

басқа жаққа бұрып жібереді. Адам кейде өзіне тең келетін қоғамда өткеннен бас тартады және оның рахаттана жасап, өзгелердің қызғанышын тудырады» [10, 161 б.]. Ф.Ницшенің адамды этикалық-моралдық құндылықтар, діни шарттар аздырады, оның болашаққа ұмтылуы үшін аяғына тұсау болады деген көзқарастары сол дәуірдегі христиан дініндегі тоталитарлық әрекеттерге қарсы бағытталған болуы мүмкін. Әйтсе де Ф. Ницшенің «барлық жерде қалыптасуды көруге үкім етілген адам өзінің болмысына, өз өзіне деген сенімді жоғалтады, мұндай адамдар қалыптасудың бұл ағымында ада-сып, барлығы қозғалушы нүктелердің тізбегіне ыдырап кететін еді», [10, 163 б.] - деген көзқарасы оның қоғамды, адамның санасын өзгертуші единицалар екенін және күшті тұлғалардың орын алуынан болатын қозғалыс екенін білдіреді. Ф. Ницше тарихилық пен тарихилық емес жеке адамның, халықтың, мәдениеттің саулығы үшін бірдей қажетті деп, тарихи сананың қазіргіліктегі орынын монументалды, антикварлы, тарихтың сыни тегі классификациясына жіктейді. Соның ішінде тарихтың сыни тегі бөлігінде адам өткенді уақыттан уақытқа қиратуда екі мінезге ие деп зерттейді. Оның бірі адам әлсіздігі, екіншісі адамның күші. Бұл екі мінез адамзат тарихында, оның ішінде философиядағы метафизикалық ойлау мен метафизикалық емес ойлау, кейінгі эволюциялық пен теологиялық арасындағы ғылыми, әдеттегі санадағы тартыстың алаңы ретінде қызмет атқарып отыр. Адамның күшінің стерженін ғылым және білім құндылықтары құрайтынын қазіргі уақыт дәлелдеп отыр. Ұрпақаралық қатынастағы ескі мен жаңаның күресін зерттеуде Ф. Ницше адамдардың алдыңғы ұрпақтардың міндетті өнімі екенін, тиісінше адамдардың алдыңғы ұрпақтардың ада-суларының, құмарлықтарының, қателесуінің, тіпті қылмыстарының жалғасты өнімі ретіндегі мазмұн деп

қарастырады. Сонымен бірге Ф. Ницше осы тарихилықтың үш кезеңінің ортасында қалған адамдарды «әтектер ұрпағы» деп атайды. Тиісінше, оның «әтектер ұрпағы, яки әтектер үшін барлық әйел заты бірдей, олар үшін әйел өзінде, мәңгі қолжетімсіз, сондықтан да мүлдем ерекшеліксіз көрінеді. Тарих қана олардың тарихты ешқашан жасай алмауы себепті, солардың күш салуларымен, өзінің керемет объективтілігін сақтап қалуда», - деген ойы ескіні құрмет тұтушылардың тарихты әлдебір орта тек ретінде жасауға ұмтылушы әрекеті деп бағалайды [10, 190 б.].

Сонымен бірге қоғамда ескі құндылықтар үстем болған жағдайда шынайылықта әрекетті жаңа және туйындаушы барлық кезде күдікке алынып, одан бас тарту ұсынылады. Сондықтан Ф. Ницшенің философиясы адам бақытын осы дүниеден тапса екен деген үміті, адамның күшін, жігерлі, сындарлы тұлғаларды, жаңаны дискурсқа алып шығуын, оның атеистік көзқарастарын ойымыздан сылып алып қарастыратын болсақ, онда оның идеяларының трансгуманистік және постгуманистік философиялық концепцияларға өзек болғанын байқаймыз. Постадам теориясының мәні адам өз өзін жасаушы, өндіруші субъект деген ұғымға саяды. Бұл антропостық теория адамның қазіргі өркениетті игеруінде, әсіресе ғылыми-техникалық жетістіктер арқылы игеруінде өзектілікке айналып отыр. Сонымен бірге бұл теорияның негізгі ерекшелігі дүниедегі барлық тірі жандылар тепе теңдікке ие деген көзқарасты ұстанады. Трансгуманистік теория эволюционистік теорияның жалғасы және ол маймылдың желбезегін адамның сөйлеу желбезегімен ауыстыру арқылы, оны сөйлете аламыз деген ойды ұстанады. Ғалымдардың зерттеуінше маймылдар 600-ге жуық дыбыстар шығарады екен. Ал, постгуманистік теория бойынша маймылда адам секілді жаратылған, оның ешқандай терістігі

жоқ, екеуі дүниеде тең жасай алады деген ойда болады. Яки, адамды және өзге тірі жандыларды Декарттың «*cogito ergo sum*» түрмесінен азат ету мақсатын алға шығаруда. Адам био-элеуметтік тірі жан ұғымынан адам биологиялық-элеуметтік-технологиялық тірі жан ұғымына айналады. Бұл жердегі негізгі мәселе ол адамның жасанды интеллекті негізінде өзіне ұқсас адамды жасап шығаруы немесе клондауы, медициналық дерттерді геномды ауыстыру арқылы емдеуі, өлімге қарсы дәріні ойлап табуы, биотехнологиялық, нанотехнологиялық, ақпараттық технологиялық жетістіктерге қол жеткізу. Дегенмен жасанды интеллектімен жасалынған дүние адамның өзінің бақылауынан шығып кетпейді ме деген мәселеде талқыда бар түсінік. Бұл туралы профессор Д.К. Богатырев: «Адамның өткеніне оралып, өз геномымызды өзгерте аламымызба? Адам өзінің биологиялық және жан дүниесін өзгертуі жаңа нормалдылық ретінде қалыптасты және оған бейімделеміз», - дейді [9]. Әйтсе де бұл постгуманистік теория әліде толығымен орныққан жоқ, адам сол баяғы сезімдік, діни күйдегі, дәстүрдегі, элеуметтенуші, өзгеруші, ойланушы адам формасында тіршілік жасауда. Ресейлік ғалымдардың бірі А.И. Криман «Адам демонстрация алаңында Құдаймен, автормен, оқушымен бірге қатысады. Адам концепт ретінде емес, конструкт ретінде ұғынылады. Трансгуманизм адамның өзінен құндылықты іздеу арқылы антропологиялық парадоксалдыққа ие», - деген көзқарасын білдіреді [11, 135 б.].

Бұл антропологиялық парадоксалдық адамның техникалық құралдарды игеруінде, оның нәтижелерін өзінің өмірлік дүниесінің шынайылығына ендіруінде де кездеседі. Адам технологиялық құралдарды қызығушылықпен қолдануымен бірге, ол бұл құралдардың дүниесінде өзінің мәнсіз құбылысқа айналып бара жатқан шынайылығына

сыни көзқарасын білдіре алуда. Дегенмен жаңа цифрлық технологиялар адамның жас ерекшелігіне қарамастан өзінің ұйығына тартып кетуде. Соның салдарынан адамның әрекеттелігінде ақиқат пен жалғанды ажыратуында қателесудің орын алуы, адамның еңбек құралдары мен ортасының киборгтар, конвейерлер арқылы алмасуы әлдеқашан орын алған тек бұл үрдіс жаңа техникалық құралдармен толықтырылуда. Бұл өз кезегінде адамның өмірлік әлеміне өзгерістер енгізіп, ол оның психологиялық, әлеуметтік күйзелістеріне жол ашты. Яки, ақпараттық технологиялардың әеуметтік желі түріндегі формалары ұрпақтың санасезіміне білім көзі ретінде позитивті әсер жасағанымен, көп жағдайда теріс-мінез құлықты қалыптастыруда. Ол теріс-мінез құлық формалары кибербуллинг түрінде, торпедалық шабуыл әрекеті түрінде және жалдамалы, ақыға пікір жазып қоғамдық пікірді қалыптастырушы боттар түрінде қалыптасып отыр. Бұл жердегі ең қауіпті әрекет, ол кибербуллингпен әлеуметтік желідегі белгілі бір пікір иесіне шабуыл жасау, фейк ақпараттарды заңсыз таратумен теріс ойды түзудің салдарынан адамдардың мінез-құлығына кері ықпал жасауда. Өйткені фейк парақша сыртына жасырынған адамның мақсаты қоғамның ішінде дүрбелең туғызу, мемлекеттің саясатына қарсы күштерді қалыптастыру және жеке мүддесіне пайдалану болып табылады. Соның салдарынан адамдар депрессияға салынады. Бұл әдісті ақпараттық сферада қысым жасау үшін, табыс табу үшін кәсібіне айналдырған топтар бар.

Бұл көзқарас философия ғылымында ХХ ғасырдың бастапқы кезеңінен бастап бар және ол өз кезегінде А. Рострудың индустриалды қоғам, Д. Беллдің постиндустриалды қоғам, Г. Маркузенің бір өлшемді адам концепциясында дамытылған. Г. Маркузе адам мен табиғаттың өзара қатынасындағы және

адамның өндірістік қатынастардағы орынын, бір біріне ықпалын зерттеуде, ондағы рационалды ойлау мен иррационалды пайымның арасындағы байланыстарды зерттейді. Оның пікірінше, «Индустриалды қоғам метафизикалықты физикалыққа, ішкіні сыртқылыққа, адам санасындағы оқиғаларды технология саласындағы оқиғаларға қайта құру құралдарына ие. Құндылықтарды қажеттіліктерге ауыстыру екі жақты үрдіс: 1) материалды қанағаттану; 2) қанағаттану негізінде қажеттіліктердің еркін дамуы», - ұғымдарын білдіреді [12, 301 б.]. Әрине индустриалды даму үрдісі өзінде өзара ішкі қайшылығы бар «технологиялық рационалдылық» тенденциясын түйіндейді. Бұл үрдіс тарихтағы дәстүрлерді, құндылықтарды трансцендентті ұғым ретінде жоққа шығарып, оны иррационалдықтың белгісі санайды. Дегенмен индустриалды қоғамның өзегінде технологиялықтың аспектісінде, адамдарды біріктіру, оның санасын бұқаралық сипатқа айналдыру ұғымыда жасырынған. Екінші жағынан технологиялыққа үстемдік етуші қоғамдар, адамдар, мемлекеттер өзінің мұндай артықшылығын саяси құрал ретінде пайдаланады. Яки, технологиялық жетістікті дүниеге теңдей тарату, оның құпия, сырларын меңгеру барлығына бірдей берілмеген. Бұл үрдісті Г. Маркузе дүниені игерудегі материалдық және интеллектуалдық ерекшеліктен көреді. Бұл материалдық пен интеллектуалдықты ұғым ретінде, мәдениет формасы ретінде түрлі бағалау, кейде мұндағы объективті дүниені адамның өзіндік субъективтілігімен түсіну шарттары кездесіп отыр. Бұл объективті дүниені айрықшалықта адамдардың қоғамдық шынайылықты субъективті ойлау арқылы бағалауынан анық көрініп отыр. Өкінішке орай батыс өркениетіндегі реалдылық қоғам мен адамның үндесітігінде, ғылым жетістігі негізінде ойланылып, адамның әрекеттілігі соған ұқсас формада жүзеге

асуда. Ал, біздің қоғамдағы субъективті ойлаудың басымдығын Covid-19 пандемиясына қарсы вакциналау іс-әрекеттілігінен көре аламыз. Адамдар вакцинациялау бұл тығырықтан шығатын жалғыз жол екенін түсінгеннің өзінде, көпшіліктің бұл саладағы мемлекеттің саясатына сенімсіздіктен қарауы орын алуда. Бұл жағдайдың жалғыз түсіндірмесі, ол қоғамдық ақылдың мемлекеттің шынайы әрекетін жекелік көзқарасы арқылы бағалауы және мемлекеттік институттардың қоғамдық сынды қабылдай алмауы. Тиісінше, қазақстандық қоғам өзі технологияларды жасамай, тек тұтынушы қоғам деңгейінде қалып отыр. Бұл тұтынушылық пайым технологияларды жеңіл формада қабылдап, біздің халықтың иррационалды ойлауының қалыптасуына түрткі болып отыр. Біздің қоғамның дискурсында тек жеңіл, жылтыраққа әуестік басым болып, ол халқымыздың «Фейсбук», «Инстаграм» әлеуметтік желісіндегі виртуалды өмірімен, әрекетсіздігімен шектеліп отыр. Г. Маркузенің көзқарасы марксистік бағытта болғанымен, оның адамның шынайылықты бағалауындағы ойлау әдісін дұрыс қалыптастырудың жолы ретінде «ақылдың ақиқат пен шынайылық теңдігінде» анықтауы кез келген қоғамның дамуын анықтайтын басты критерийі болып табылады. Г. Маркузе бұл жағдайды «Оптималды тапсырма ретінде жалған қажеттіліктерді ақиқатпен ығыстырып шығару және репрессивті қанағаттанудан бас тарту», ретінде сипаттайды [12, 22 б.]. Адамның өмірлік әлемі әуел бастан материалдық және рухани құндылықтармен толтырылған. Адамның тұтас өмірлік әлемі санасындағы деректерді нақты тәжірибие арқылы затқа айналдыруға, заттық болмыс негізінде дүниені тануға жүктелген. Бұл шынайылықта адам әрекеттілікті болмыс иесі, бірақ «технологиялық рационалдылық» негізінде бір өлшемді

ойлауды қалыптастыру саясат арқылы өзектіленеді. Яки, Г. Маркузе бойынша «технологиялық рационалдылық саяси рационалдылық болып табылады» және үстемдікке ие ұғым индустриалдылықтың жетістіктері нарық, қаржы ұйымдары, БАҚ құралдары арқылы бір деңгейлі ойлауды, адамды, қоғамды қалыптастыруға тырысады. Сонымен бірге біздің қоғамның басым бөлігі банк алдындағы тұтынушылық несиелердің кіріптар субъектісіне айналуға. Бұл кіріптарлықтың артып, күшей түсуіне де ақпараттық технологиялардың өнімдерді жеңіл табыс көзі ретінде жарнамалауымен байланысты. Бұл әрекеттілікте тауарды жарнамалау рационалды мақсаттылығы орын алғанымен, оның негізінде адамның санасезіміне сезімдік-аффективті түрде әсер ету арқылы тәуелділікте ұстау көзделген. Сондықтан сандық технологияларда жасырын, құпияланған сырлар түйінделіп, ол өз кезегінде адамның уақытын ұрлаушы, арбаушы, шынайылықты жалған бағалау қасиеттеріне ие. Г. Маркузе бойынша «игілікті мемлекет бағыныштылық мемлекеті болып табылады. Ақиқатты бағаның орнына айырбас құны енуде», - деп атап көрсетеді [12, 85 б.]. Шынында да адамдар өзін қоршаған әлемді тек материалдық жетістіктер негізінде бағалауды, өзінің әрбіріс-әрекеттелігінен пайда көздеуді мақсат тұтуда. Тиісінше, адам технологиялық рационалдылық негізінде өзін тек жекелікте, дербестікте танып, ес-жадын қысқалықта, тарихилықсыз бағалауға бейімделіп алған және бұл оның ретристік мінез-құлығының қалыптасуына түрткі болып отыр. Г. Маркузенің пікірінше, «дамушы буржуазиялық қоғам ес-жадты, уақытты, еске алуларды өткеннің иррационалды қалдығы ретінде жояды» [12, 140 б.]. Өйткені қазіргіліктегі өндірістік ұйымдастыру шешімдері математикалық дәлдікке, тек игіліктердің жинақталуына бағыт алып, ол өз кезегінде уақытқа тайм-менеджмент әдісі ретінде ғана көңіл ау-

дарады. Өмірлік әлем шынайылығында рационалдылық практикалық, мұқият ойластырылған әрекеттің жобасы саналынады. Бұл жерде екі ұғымның қайшылығы жүйелілікті білдірмейді, ол екі қарамақарсылықты өзара үндестік нүктесінде біріктіруді, әрбір қатынастың маңыздылығын ашуды көздейді. Г. Маркузе бойынша бұл қатынастарды үйлесімділікке әкелудің нүктесі қызметін тынышталу, байыз табу құрайды. Себебі, бұл жағдайды Г. Маркузе «рационалды қоғам Ақыл идеясының төмендеуін дайындайды» [12, 227 б.] және «қазіргі қоғам өзінің ақиқатты құндылығын тарихи жоба ретінде танытты. Ол адамның адаммен және табиғатпен күресін ұйымдастыруда сәттілікте жетті; ол адам өмірін күшті және әлсіз қанағаттану деңгейінде өндіреді және сақтайды» [12, 291 б.]. Қазіргі дүниеде адам шынайылықта өзінің орынын дұрыс анықтау үшін, мүмкіндігін таныту үшін, өзінің жасампаздығын әлемге паш ету үшін баламалық көздерін тапқан. Бұл баламалықтың қайнарын рационалды ойлаудың көрінісі ретіндегі сандық технологиялар мен виртуалдылық құрайды. Бұл баламалық метафизикалық ұғымда емес, ол реалды физикалық дүниеде орын алып отыр. Дегенмен адам әлі де өзінің тарихи қайнарларын іздеуші, сезімдік, бірақ практикалық мүддесі бар жасампаздыққа ие. Бұл жасампаздық сандық технологиялардың жетістіктерін жаңа формаларға көшірумен бірге, кеңістіктің шекараларын бір географиялық нүктеден, екінші географиялық нүктелердің ұзақтығына сөза алуда. Ақпараттың ағыны адамның таным көкжиегін кеңейтумен бірге, оны еркін, дербес ойлай білуші субъектіге айналдырып отыр.

Қазіргі ұрпақтың жолы жасампаздық феноменінде

Мақаланың тақырыбын зерттеу барысында анықталғаны, ол қазіргі жас

ұрпақ өзінің дүниетанымын виртуалды әлем арқылы бағалағанымен, олар өз елінің патриоты, тәрбиелі адамы ретінде қалыптасып отыр. Бұл тұлғаралық өзара байланыстар мен әрекеттерге адамдардың бір біріне ықпалында ұрпақаралық сабақтастық оң және кері әсерін сақтап отыр. Мысалы, оң әсер ірі қалаларда, оның өндірістік мәдениетінің негізінде дұрыс қалыптасса, онда ауылдық, шағын қалаларда консервативтік түсініктер жаңа ұрпақтың кең қанат жаюуына әлі де кедергі болуда. Ол кедергіні біз жастардың көпшілігі аға буынның шағын ортадағы жалған әрекетінің бірі сыбайлас жемқорлыққа бейімдігінен көріп отыр. Яки, қоғамдық ойлауында таза санаға ие жастар мұндай кедергілерге тап болып, мұқалуда. Әрине бұл мемлекеттің тәуелсіздігіне қатысты ұғым емес, ол жеке адамдардың қате әрекетінің көрінісі болып табылады. Ал, тәуелсіздік жылдары Қазақстанға жаңа серпін берді. Тиісінше, қазақстандық ұрпақ өз ата-анасының қолында тәрбиеленіп отыр. Өйткені елдің экономикалық дағдарысқа ұшырауы, шынайылықтағы ақиқатты жалған сана деп шатастыруы, халық миграциясына негіз болуда. Мұндай қайшылықты үрдістер өз кезегінде ата-ана мен оның ұрпағы арасындағы рухани-тәрбиелік сабақтастықтың үзілуіне негіз болады. Бұл тенденция шет елге еңбек ету, табыс табу мақсатында эмиграцияға ұшырауына түрткі болып, оның салдарынан бала тәрбиесіне өз ата-анасы қатыса алмауда және зердедегі бос кеңістіктер орын алуда. Бұл да бір адамның өзінің мәнінен заттық болмыстың негізінде жерінуіне соғуда. Адамның ұрпағына деген өкісігін, сағынышын ешкімде толтырып бере алмайды.

Екінші нәтиже, ол сандық ұрпақтардың кеңістіктегі ерекшеліктерді шекарасыз бағамдауға ие болып, уақыттың ішінде көпбейнелі созыла алатынын көрсетті. Бұл ақпараттық технологияның жемісі. Сондықтан бұл ұрпақтың

жасампаздығын шектемеу қажет. Өйткені бұл жастар еркіндіктің бағасын түсінетін, терең ойлы болашаққа қадам бастаушы өкілдеріміз. Олар ұрпақтар теңдігі идеясын насихаттайды және өмірлік әлемінде кеңінен қолдана біледі. Қазіргі қоғамда цифрлық технологиялар біздің дүниетанымымызды, әлеуметтік мінез-құлығымызды және білімізді өзгертуде. Бұл ұрпақтар жаңа Y, Z, A буындар, бірақ олар жаңа адам болып табылмайды. Философия ғылымының бір көзқарасы бойынша адам шекті болмысқа ие, осы әлемде бар болушы тірі жан және ол жаңа адам ретінде қалыптаса алмайды. Мұндай жаңа адамды қалыптастырамыз деген саясатта, ондағы идеологиялық үстемдікті қазақстандық қоғамда, әлемдік өркениетте өз басынан өткерді, бірақ міне мынау сіз үшін өзге болмысқа ие адам деген жаңалықты ұсына алмады. Ия, адамның технологиялық, ғылыми жетістіктерге сәйкес бір әлде екі ұрпақ ауысынан кейін болмысында өзгерістердің орын алатыны шындық, бірақ адам өзінің ұлттық, мәдени қайнарларына қайта соғып отырады. Бұл үрдістің өзектілігін қазақстандық қоғам өзінің тәуелсіздік жылдарында дәлелдеді. Яки, қазақстандық қоғам өзінің ұлттық дәстүрлі құндылықтарына қайта алуымен бірге, жаңа заманға толыққанды өте алған қоғамдардың бірі. Мұндағы ұрпақтың уақытын жасампаздық анықтайды. Адамның ұрпақ ретіндегі әлеуметтіліктің субъектісі ретіндегі жасампаздық іс әрекеттілігі барлық замандарда дискурстың объектісі болған.

Үшінші нәтиже, ол технологиялық рационалдылықтың негізінде иррационалдылықтың орналасуы арқылы ұрпақтың қоғамдық шынайылықты бағалауындағы қайшылықты әрекеттердің орын алуы еді. Көбінде біздің қоғам дамыған елдердің технологияларын тұтынушы деңгейінде қалып отыр. Сондықтан мемлекеттің өндірістік саладағы саясатын блокчейн, сандық ақшалар, киборг технологиялар са-

ласына бұруы қажет. Дегенмен бұл адамдардағы болашақтан үміттену деген талпынысын жойып жіберуі мүмкін, тиісінше ол үшін дүние айрықшалығы бар ерекшеліксіз әлемге айналуы мүмкін. Бұл әлеуметтік сапаны «жоғары толеранттылық» ретінде адамдағы сыни ойлаудың төмендеуімен бағалауымыз мүмкін. Эстониялық зерттеуші Р. Нугиннің пікірінше: «Қазіргі жастар көптеген икемді иденттіліктермен және гедонистік құндылықтармен сипатталады» [13, 352 б.].

Қорытынды

Қазіргіліктегі адам футурологиялық аспектіде постиндустриалды дүниені білім мен ғылымның технологиясының негізінде жасауға көшуде. Біздің қоғам индустриалдылықтың қамытынан құтылу үшін ойлау, жасампаз болу әрекеттілігіне ауысуы тиіс. Постиндустриалдылық болашақтың утопиясы болғанымен, ол әлемнің дамыған елдерінде шынайылыққа қадам басуда. Оған ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін қолдану арқылы сумен қозғалатын автокөліктер, ұшатын көлік құралдары, эргономикалық ақылды қалаларды жасаушы АҚШ, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай секілді елдер жатады. Бір ғана Илон Масктің ғарышқа ұшып кеткен кеменің қайта платформаға қондыруы ғылымның үлкен жетістіктерінің бірі. Өйткені ғалымдардың зерттеуінше сандық технологиялардың адам өміріне дендеп енуі, өз кезегінде антропологиялық революцияны тудырады. Ал, антропологиялық революцияда адам жалпыға бірдей мәнге айналумен бірге, өзінің қайнарына, индивидуалдылығына қайта айналып соғады. Дүниеде адам тұлғалығы прогрестің негізін құрайды деген ойлар бар. Дегенмен әлемдегі қор биржаларының сандық технологиялық көңіл күйі мен қызмет атқару алгоритімі әлі де саяси, экономикалық спекулятивті мінез-құлығына тәуелді

болып отыр. А. Бергсон сипаттаған сананың уақытта ұзақтыққа созыла алу мүмкіндігі осы сандық технологияларда мүмкіндікке айналды. Бұл үрдіске біздің ұрпақтардың кірігуі, олардың технологияның прагматикалық санасын қабылдаған кезде және қоғамдық жауапкершілікті мәдениет, өркениет түріндегі жасампаздық ретінде түсінгенде жүзеге асады. Алайда бұл үрдістің қоғамда бүтіндік категориясына айналып, шынайылықтың ақиқатты танытуына жеке мүдде, қоғамдық мүдде, мемлекеттік мүдде негізінде қайшылығы бар. Мұндай қайшылықты еңсеру сонау И. Кант, Г. Гегель заманынан бері философияны ойландырып келе жатыр. Бұл ой шынайылықты дұрыс бағалауды, ойлау мен іс-әрекеттілік сәйкестігі, бар болушы болмыстың терсітілігін табу арқылы еңсеруді құрайды. Яки, адам цифрлық қоғамда болсын ойлау қызметін жетілдіру арқылы таза апперцепцияны, оның ішінде білімдерді трансцендентациялауы керектігі сезіліп отыр. Бұл қоғамда бар білімдерді трансцендентациялауға субъектілерде, объектілерде толыққанды қатысып, үйлесімділікті құрауы қажет. Оның түпкі мақсаты тұтастықты көп бейнелі әлемге, білімді өзінің меніне айналдыру арқылы түрленуді құрайды. Мұндай түрленуден біздің қоғам тыс қалып отырған жоқ, тек көпбейнелілікті, әсіресе сандық дүниетанымды тек менікі деген мүддеге жетектеп алып кетуіміз орын алуда. Бұл менің ұғымым, менің әлемім, менің мүддем деген көзқарас таным құралы арқылы жалпыға бірдей ойлау формасына көтеріле алмай отыр. Г. Гегельдің логикасына салғанда философия нақтылықты сүйетін, өзінің қайшылығын тани алатын ғылым болып саналады. Ал, біздің жүйеге біржақты, қасаң ойлау мемлекеттік биліктің қызметінен де, адамның өзінің әлеуметтік ортасынан да байқалуда. Мысалы, блокчейн деген сандық технологияны талапкерлерден емтихан қабылдау ісіне Қазақстан

Республикасының Білім және Ғылым министрлігі өте тиімді және нәтижелі енгізе алды. Оның жемісін, әділдігін көре алудамыз. Бұл технология транспорттық коммуникация саласындағы компьютерлік бағдарламалау, есептеу жүйесіне, халыққа ызмет көрсету орталықтарына да енгізілді. Адами факторларға тосқауылдар қойылуда. Сонда да біздің қоғамның мүшелері осы сандық технологиялар жүйесін айналып өтуді, еңсеруді немесе өзінің жеке мүддесіне бейімдеуді көздейді. Сондықтан да цифрлық қоғам біздің әлеуметтік жүйемізге толыққанды ене алмауда, бірақ оның күнделікті тұрмысқа, әдеттегі санаға әсері арту үстінде. Сандық технологиялар әлеміндегі жасампаздықта бастама, кейде азаматтық қоғам тарапынан да туындауда. Яки, олар сандық технологияларды әділдік қағидасы негізінде қоғамдық қатынастардың барлық салаларына енгізуді қалайды. Дәл осы жерде қатынас субъектілерінің проблеманың мазмұнын, новациялық мінез-құлықты түсінудің мүдделік қайшылығы орын алуда. Осы мүдделік қайшылықты, әл-дебір негацияны қоғамның еркіндігі, ортақ қажеттілігі негізінде еңсеруде биліктің стратегиялық даналығы жеңеді деген үмітіміз бар. Деседе цифрлық технологияның субъектінің мүддесіне сәйкес келмесе, оның дисфункционалдығының орын алатынын байқап отырмыз. Қалған жағдайда біз және біздің ізбасарларымыз тұтынушы санасынан құтыла алмаймыз. Әрине бұл көпжақты, көпбейнелі үрдіс, оның ақиқаттылығын үйлесімділікке айналдыру жолында адам-қоғам-мемлекет объективті әлемді дұрыс бағалауы, шынайылықты әлеуметтік әділдік, еркіндік қағидаларына негіздеуі қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 Тұрдықұл Ш. Шәкәрімтану мәселелері. – Алматы, Раритет, 2007. – 448 б.

2 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. [Электронды ресурс]. Қол жеткізу режимі: <https://www.akorda.kz/kz/>

events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy. (Жүгіну мерзімі: 01.07.2021)

3 Валлерстайн И. После либерализма. – Москва, Едиториал, 2003. – 256 с.

4 Мямишева Г. Ценности строителей нашего будущего. //Адам әлемі. – 2021. – № 1 (83). – С. 18-25.

5 Сапарова Д.Р. Диссертация на соискание степени доктора философии (Phd) по специальности 6D020100 – Культурология, на тему: Культурное пространство цифрового поколения. – Алматы, ҚазҰУ, 2020. – 139 с.

6 Нұрадин Г., Сапарғалиева С. «Millennals» буыны және ұрпақтар сабақтастығы. //Адам әлемі. – 2021. – № 1 (83). – 29-33 б.

7 Витальева В. Исследование «Делойта» выявило перемены в настроениях современной молодежи. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://www2.deloitte.com/ru/ru/pages/about-deloitte/press-releases/2019/deloitte-research-reveals-a-generation-disrupted.html>. (Дата обращения 16.06.2021).

8 Турарбекова Л.В, Сапарова Д.Р., Тержан Н. Гипотеза префигуративности цифровой культуры поколения Y, Z на постсоветском пространстве. // Вестник КазНУ. – 2020. – № 3(73). – С. 59-65.

9 Богатырев Д.К. Открытая лекция. Теория современности и постчеловек. [Электронный ресурс]. Режим доступа: [youtube.com/watch?v=PNAo7nXJ47e](https://www.youtube.com/watch?v=PNAo7nXJ47e). (Дата обращения 07.06.2021).

10 Ницше Ф. Сочинения в двух томах. Том 1. – Москва, Мысль, 1990. – 832 с.

11 Криман А.И. Идея постчеловека: сравнительный анализ трансгуманизма и постгуманизма. //Философия науки. – 2019. – № 62(4). – С. 135.

12 Маркузе Г. Одномерный человек. – Москва, REFL-book, 1994. – 368 с.

13 Nugin R. Social time as the basis of generational consciousness. // *Trames*. – 2010. – № 1464/59. – P. 342-366.

Transliteration

1 Turdykul Sh. Shakarimtanu maseleleri [Problems of Shakarim studies]. – Almaty, Raritet, 2007. – 448 b. (in Kaz)

2 Nazarbayev N. Bolashaqqa bagdar: ruhani zhangyru [Course towards the future:

modernization of Kazakhstan's identity]. [Elektronnyy resurs]. Rezhim dostupa: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy. (dated from 01.07.2021). (in Kaz)

3 Valerstain I. Posle iberalizma [After liberalism]. – Moskva, Editorial, 2003. – 256 s. (in Russ)

4 Myamisheva G. Tsennosti stroitelei nashego budushego [The cost of our future builders] // *Adam alemi*. – 2021. – № 1 (83). – S.18-25. (in Russ)

5 Saparova D. Dissertatsiya na soyiskanye stepeni doktora filosofii (Phd) po spetsyalnosti 6D020100 – Kulturologiya, na temu: Kulturnoye prostranstvo tsifrobogo pokoleniya. – Almaty, KazNU, 2020. – 139 s. (in Russ)

6 Nuradin G. Sapargalyeva S. Millennials buyny zhane urpaqtar sabaqtastygy [Millennials generations and generation continuity] // *Adam alemi*. – 2021. – № 1 (83). – 29-33 b. (in Kaz)

7 Vitalieva V. Isledovanye Deloita viyavilo peremeni v nastroyeniyah sovremenoi molodezhi [The Deloitte study revealed changes in the moods of modern youth]. [Elektronnyy resurs]. Rezhim dostupa: <https://www2.deloitte.com/ru/ru/pages/about-deloitte/press-releases/2019/deloitte-research-reveals-a-generation-disrupted.html>. (dated from 16.06.2021). (in Russ)

8 Turarbekova L. Saparova D. Terzhan N. Gipoteza prefigurativnosti tsifrovoi kulturni pokoleniya Y Z na possovetckom prostranstve [The hypothesis of the prefigurative culture of digital generation Y, Z in the Post-Soviet space] // *Vestnik KazNU*. – 2020. – № 3(73). – S. 59-65. (in Russ)

9 Bogatyrev D. Otkrytaya lektsiya. Teorya sovremennosti i postchelovek [Open lecture. The theory of modernity and the postman]. [Elektronnyy resurs]. Rezhim dostupa: [youtube.com/watch?v=PNAo7nXJ47e](https://www.youtube.com/watch?v=PNAo7nXJ47e). (dated from 07.06.2021). (in Russ)

10 Nitche F. Sochinenye v dvuh tomah. Tom-1 [Essays in two volumes. Volume-1]. – Moskva, Mysl. – 832 s. (in Russ)

11 Kriman A. Ideya poscheloveka: sravnitelniy analiz transgumanizma i postgumanizma [The idea of the Posthuman: a comparative analysis of transhumanism and posthumanism. // *Filosofya nauki*. – 2019. – № 62(4). – S. 135. (in Russ)

12 Markuze G. Odnomernii chelovek [A one-dimensional person]. – Moskva, REFL-book, 1994. – 368 s. (in Russ)

13 Nugin R. Social time as the basis of generational consciousness // Trames. – 2010. – № 1464/59. – P.342-366. (In Eng)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Талғат Еркінұлы Тұмашбай* PhD докторант, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан, tumashbai@mail.ru. ORCID: 0000-0003-0069-392X
- Талғат Еркінұлы Тұмашбай* PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан, tumashbai@mail.ru. ORCID: 0000-0003-0069-392X
- Talgat Tumashbay* PhD student, L.Gumilev Eurasian National University. Nur-Sultan. Kazakhstan, tumashbai@mail.ru. ORCID: 0000-0003-0069-392X